

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 862 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 612 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн еткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға лицензия беру мәселелері жөніндегі тәртіптерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 862 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 29, 280-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығын," деген сөздер алынып тасталсын, "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін "Лицензиялау туралы"," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген сөздер "жергілікті атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензиялар берудің тәртібінде:

2-тармақтағы және 3-тармақтың 2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің (занды тұлғалар үшін) немесе жеке кәсіпкер ретінде есепке қойылғаны туралы куәліктің көшірмесі;";

7-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы сөйлеммен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негізде қаралады;";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе өтініш берушіге бас тарту негіzsіz болып көрінсе, ол біr ай мерзімде бұл іс-әрекеттерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Лицензия өзінің қолданылуын:

1) лицензиялар кері қайтарып алынған;

2) азаматтың кәсіпкерлік қызметі тоқтатылған, біr түрдегі заңды тұлғаның басқа түрдегі заңды тұлға болып қайта құрылуын (ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруін) қоспағанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

3) лицензия лицензиарға ерікті түрде қайтарылған жағдайларда ғана тоқтатады.";

10-тармақ 3) тармақшадағы "жойылмаған" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) лицензия алу кезінде лицензиат көрінеу жалған ақпарат берген";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Сот шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруды лицензиардың, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша жүргізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ерекше жағдайларда көрсетілген мерзімде сотқа қуынның өтінішін міндепті түрде ұсына отырып, 3 күннен аспайтын мерзімге шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын сот шешімінсіз тоқтата тұруға жол беріледі. Бұл ретте тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады.";

17-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензия алуға үміткер заңды немесе жеке тұлғаға (бұдан әрі - өтініш беруші) қойылатын біліктілік талаптары:

1) жоғары немесе орта арнаулы заңгерлік білімі бар қызметкерлердің;

2) офис үшін меншікті немесе жалға алған жұмыс орнының;

3) еңбек биржаларымен, Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ақпараттық-талдау орталығымен өзара іс-әрекетті қамтамасыз ететін компьютерлер мен телекоммуникациялық жабдықтардың;

4) шетелдік жұмыспен қамту агенттіктерімен ынтымақтастыры туралы шарт көшірмесінің немесе шетелдік жұмыс берушінің отініш берушімен ынтымақтасу идеті туралы растамасының (жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке арналған) болуын қамтиды.";

21-тармақ алғынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК